

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента
«__» _____ 20 __ года

**2023 жылғы 24 мамырда
жарияланды**

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Ә.А. Смайыловқа**

**Депутаттық сауал
Құрметті Әлихан Асханұлы!**

Депутаттық сауалымызды жолдауға халықтың қимылы шектеулі топтары үшін кешенді қолжетімділік пен кедергісіз орта жасау мәселелері себеп болды.

Мемлекет басшысы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында практикада қимылы шектелген азаматтардың қандай да бір объектіге қалай жететіні және оның ішінде жүріп-тұру туралы айтпағанның өзінде, өз үйлерінен көшеге өздігінен шығуға да мүмкіндігі бола бермейді. Осынау алаңдатарлық әрі ыңғайсыз жағдайды түбегейлі өзгерту қажет. «Есіктен есікке» қағидаты бойынша мүгедектігі бар адамдардың сұранысқа ие объектілерге кедергісіз кіруін қамтамасыз ететін пәрменді нормативтік құқықтық актілерді шұғыл қабылдау керек деген болатын.

Ерекше мұқтаж жандарға көмек көрсету мәселесі «Amanat» партиясының «Халықпен бірге!» атты сайлауалды бағдарламасында да көрініс тапты. Атап айтқанда, онда бірінші кезекте мүгедектігі бар адамдар үшін қолайлы инфрақұрылым құру туралы жазылған.

Дегенмен, біз әлі де объектілер мен көрсетілетін қызметтерге кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін жағдай жасауды көздейтін, қабылданған нормалардың сақталмау жағдайларына тап болып жүрміз.

Тең мүмкіндіктер қоғамын қалыптастыру мақсатында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтендіруге бағытталған инклюзивті жобаларды іске асыру Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарда (бұдан әрі - Ұлттық жоспар) айтылған. Әлеуметтік интеграция мен дербес өмір салтын қалыптастыру, мүгедектігі бар адамдар үшін инфрақұрылымға толық қолжетімділікті қамтамасыз ету тұрғылықты жерінен қызмет көрсету орнына дейін жүзеге асырылуы тиіс екендігі көрсетілген.

Қазіргі уақытта Ұлттық жоспар мерзімінің жартысынан астамы, яғни белгіленген 6 жылдың 4 жылы аяқталса да жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар оны орындау бойынша тиісті шараларды қабылдамағанын атап өткен жөн.

2015 жылғы ақпанда ратификацияланған Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияның 33-бабында қатысушы мемлекеттер өздерінің ұйымдық құрылымына

сәйкес үкіметте осы Конвенцияны жүзеге асыруға байланысты мәселелерге жетекшілік ететін бір немесе бірнеше инстанцияны тағайындайды және әртүрлі секторлар мен түрлі деңгейлердегі тиісті жұмысқа жәрдемдесу үшін тиісті жолмен үкіметте үйлестіру тетігін құру немесе тағайындау мүмкіндігін зерделейді деп айқындалған.

Алайда, Қазақстанда бұл норманың ережелері сақталмайды деп айтуға болады. Өйткені тиісті уәкілетті органдар өз құзыретіне сәйкес кешенді қолжетімділік пен кедергісіз орта құру бойынша толыққанды жағдайларды қамтамасыз етпейді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, құрметті Әлихан Асханұлы, мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында Ұлттық жоспарды жүзеге асыруға жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдардың, көрсетілетін қызметтер мен әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілерінің қолжетімдігін қамтамасыз ету бойынша жедел шаралар қабылдауы қажет деп санаймыз.

Осыған байланысты:

- орталық және жергілікті атқарушы органдардың Ұлттық жоспарды орындауы бойынша жол картасын әзірлеп, бекіту;

- мүгедектердің қоғамдық ұйымдарының қатысуымен қолжетімді ортаны құруға бағытталған жұмыстарды қолдау және дамыту үшін ресурстық оқу-әдістемелік орталығын құру;

- «Мүгедектігі бар адамдарға қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша халыққа қызмет көрсететін ұйымдардың жұмысына қойылатын талаптар» атты ұлттық стандартын әзірлеу және бекіту;

- бұдан бөлек, мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияның 33-бабында көзделгендей, кешенді қолжетімділік пен кедергісіз ортаны құру жөніндегі функцияларды, атап айтқанда бақылау - еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігіне, үйлестіру - ұлттық экономика министрлігіне және консультациялық функцияларын - индустрия және инфрақұрылымдық министрлігіне жүктеу қажет.

Бұл іс-шаралар жұмыстың қарқынын жеделдету мен тиімділігін арттыруға және қалған екі жарым жылда Ұлттық жоспарда қойылған практикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді деп санаймыз.

Құрметпен,

Қазақстан Республикасы

Парламенті Мәжілісінің депутаттары,

«AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі

Е. Әбдиев

«Қазақстан Халық партиясы»

фракциясының мүшелері

К. Сейтжан

И. Смирнова

Жалпыұлттық социал-демократиялық

партиясының фракциясының мүшесі

А. Сағандықова

«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық

партиясының фракциясының мүшесі

Т. Серіков

А.С. Жұмажанова

74-67-82

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламенті
«__» _____ 20 __ года

Оглашен 24 мая 2023 года

Премьер-Министру
Республики Казахстан
Смаилову А. А.

Депутатский запрос
Уважаемый Алихан Асханович!

Поводом для нашего депутатского запроса являются вопросы создания комплексной доступности и безбарьерной среды для маломобильных групп населения.

На заседании Национального совета общественного доверия Глава государства отметил, что на практике маломобильные граждане не всегда имеют элементарную возможность самостоятельно покинуть свой дом и выйти на улицу. Не говоря уже о том, чтобы добраться до какого-либо объекта и передвигаться в нем. Эту тревожную и неприемлемую ситуацию необходимо кардинально менять. Нужно срочно принять действенные нормативные правовые акты для обеспечения безбарьерного доступа лиц с ограниченными возможностями к востребованным объектам по принципу «от порога до порога».

Вопрос оказания помощи людям с особыми потребностями также нашел отражение в Предвыборной программе партии «Аманат» «Вместе с народом!». В частности, создание прежде всего комфортной инфраструктуры для лиц с инвалидностью.

Тем не менее, мы все еще сталкиваемся с неисполнением принятых норм, предусматривающих созданию условий для обеспечения беспрепятственного доступа к объектам и услугам.

О реализации инклюзивных проектов, направленных на социализацию людей с ограниченными возможностями с целью формирования общества равных возможностей говорится в Национальном плане по обеспечению прав и улучшению качества жизни лиц с инвалидностью в Республике Казахстан до 2025 года (далее - Национальный план). Где указано, что социальная интеграция и независимый образ жизни, обеспечение полной доступности инфраструктуры для людей с инвалидностью должно осуществляться от места проживания до места оказания услуг, то есть шаговая доступность.

Необходимо отметить, что на текущий момент, по истечению более половины срока действия Национального плана, 4 из 6 отпущенных лет, ответственными центральными и местными исполнительными органами не принято должных мер по его исполнению.

Статьей 33 Конвенции о правах инвалидов, ратифицированной в феврале 2015 года, определено, что государства-участники в соответствии со своим организационным устройством назначают в правительстве одну или несколько инстанций, курирующих вопросы, связанные с осуществлением данной Конвенции, и должным образом изучают возможность учреждения или назначения в правительстве координационного механизма для содействия соответствующей работе в различных секторах и на различных уровнях.

Однако в Казахстане, положения данной нормы можно сказать не соблюдаются. Поскольку соответствующим уполномоченными органами не обеспечиваются полноценные условия по созданию комплексной доступности и безбарьерной среды в соответствии с их компетенцией.

На основании вышеизложенного, уважаемый Алихан Асханович, в целях повышения качества жизни лиц с инвалидностью, считаем необходимым, принять оперативные меры по созданию и обеспечению условий шаговой доступности услуг и объектов социальной и транспортной инфраструктуры центральными и местными исполнительными органами, ответственными за исполнение Национального плана.

В этой связи, полагаем необходимым:

- разработать и утвердить дорожную карту по исполнению центральными и местными исполнительными органами Национального плана;

- с участием общественных организаций инвалидов создать ресурсный учебно-методический центр поддержки и развития работ по формированию доступной среды;

- разработать и утвердить национальный стандарт «Требования к работе организаций, оказывающих услуги населению по обеспечению доступности услуг лицам с инвалидностью»;

- кроме того, считаем необходимым возложить функции по созданию комплексной доступности и безбарьерной среды, как это предусмотрено статьей 33 Конвенции о правах инвалидов, в частности контрольные - министерству труда и социальной защиты, координационные - министерству национальной экономики и консультационные функции - министерству индустрии и инфраструктурного развития.

Считаем, что данные мероприятия дадут возможность ускорить темпы и повысить эффективность работ, и за оставшиеся два с половиной года решить практические задачи, поставленные Национальным планом.

С уважением,

**Депутаты Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
член фракции партии «AMANAT»**

Е. Абдиев

**члены фракции партии
«Народная партия Казахстана»**

**К. Сейтжан
И. Смирнова**

член фракции Общенациональной

№ иск: ДС-183 от: 24.05.2023

социал-демократической партии

А. Сагандыкова

**член фракции Фракция Народно-демократической
патриотической партии «Ауыл»**

Т. Сериков

*Жумажанова А.С.
74-67-82*